ШАРТТЫ БАНКТІК САЛЫМ ШАРТЫН ЖАСАУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТА

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген (25.08.2026ж. №95 хаттама) 23.11.2026 ж. күшіне енген
«Фридом Банк Қазақстан» АҚ Активтер мен Пассивтерді Басқару Комитеті бекітілген 08.10.2026ж. №238 хаттама, 23.11.2026 ж. күшіне енген өзгерістермен және толықтырулармен

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ заңды тұлғаға, жеке кәсіпкерге, шаруа (фермер) қожалығына, мүлік меншігі иелерінің бірлестігіне/пәтер иелері кооперативтеріне/ басқарушы компанияларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шартты банктік салымдар ашылуы мүмкін кез келген өзге тұлғаларға (бұдан әрі – Салымшы) төмендегі шартты жасауды ұсынады:

Шартты банктік салым шарты

Осы Шартты банктік салым шартын жасау туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) бұдан әрі «Банк» деп аталатын «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы және Салымшы арасындағы банктік шартты салым шартын жасау, орындау, өзгерту және тоқтату талаптарын айқындайды.

Салымшының Қосылу туралы өтінішке өз қолымен немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы қол қою фактісі Офертаның акцепті болып табылады. Шарт Салымшы Офертаның акцептін жасаған сәттен бастап жасалған болып танылады.

Офертаны қабылдау (акцептеу) мерзімі белгіленбеген. Банк Офертаны кез келген уақытта кері қайтарып алуы мүмкін. Банк Салымшыларға Офертаны кері қайтарып алу туралы Серіктестің/Банктің сайтында Офертаны кері қайтарып алу туралы ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды.

Оферта Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған.
Осы Оферта шартты салымдардың мына түрлеріне қолданылады:

- Кредиттік серіктестіктерге арналған шартты салым;
- «Жер қойнауын пайдаланушыларға арналған» шартты салым;
- кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге қаражат жинақтауға арналған шартты салым.

Салымшы Банктің www.bankffin.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылған Шарттың, «Фридом Банк Казахстан» АҚ операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың (бұдан әрі – Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалар) ережелерін толық көлемде оқып шықты, түсінді және ешқандай ескертулер мен наразылықтарсыз келісті, оларға толық көлемде қосылды, сонымен қатар Шарттың, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың барлық ережелерін мүлтіксіз, уақтылы және толық көлемде орындау міндеттемесін қабылдайды.

1. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Шартта төменде көрсетілген терминдер келесі мағынада қолданылады:

1.1. **БСН** – заңды тұлға (филиал мен өкілдік) және қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;
1.2. **Салым** – осы Шартқа және Қосылу туралы өтінішке сәйкес Салымшының қайтарылу, мерзімділік (егер қолданылса) және сыйақы төлеу талаптарымен Банкке орналастыратын ақшасы;
1.3. **Сыйақы** – Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Банк тарапынан Салымға есептелетін ақша сомасы;
1.4. **Үзінді көшірме** – белгілі бір уақыт кезеңі үшін Салымшының жинақ шотының жай-күйі туралы құжат (қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда);

1.5. **Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі** – Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 3 сәуірдегі №44 қаулысымен бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша анық, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнды) есептеу қағидаларына сәйкес есептелетін, Банк көрсетілетін қызметтері бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептелетін (нақты құны) сыйақы мөлшерлемесі;
1.6. **Қашықтықтан қызмет көрсету арналары** – Салымшыға Банктің бөлімшелеріне бармай банктік қызметтер алуға мүмкіндік беретін Банктің бағдарламалық-техникалық құралдары;
1.7. **Банктік салым шарты (Шарт)** – оның негізінде Банк Салымшыдан ақшаны Салымға қабылдайтын, Банк пен Салымшы арасында жасалатын келісім. Шарт Қосылу туралы өтініштен, Банк Тарифтерінен (қолданылатын бөлігінде), сондай-ақ Шартта немесе Қосылу туралы өтініште тікелей көрсетілген Банктің өзге құжаттарынан тұрады;
1.8. **ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ туралы Заң** – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы №191-IV Заңы;
1.9. **Қосылу туралы өтініш** – Салымның жеке талаптарын қамтитын және Салымшының осы Шартқа қосылғанын растайтын Банк нысаны бойынша әзірленген құжат;
1.10. **ЖСК** – Салымшының ақшасын есепке алу үшін банктік шот болып табылатын жеке сәйкестендіру коды;
1.11. **ЖСН** – жеке тұлғаға қалыптастырылатын бірегей нөмір;
1.12. **Келісімшарт** – «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің талаптарына сәйкес жер қойнауын пайдаланушының құқықтары мен міндеттері туындауының негізі болып табылатын жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт немесе өзге құжат;
1.13. **Кредиттік серіктестік** – Қазақстан Республикасының кредиттік серіктестіктер туралы заңнамасына сәйкес құрылған және қаржыландыру және (немесе) кредит беру бағдарламалары шеңберінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-пен тиісті келісім жасаған заңды тұлға.
1.14. **ПИК** – кондоминиум объектісін басқару үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құрылған пәтер иелерінің кооперативі;
1.15. **Жою қоры** – жер қойнауын пайдалану бойынша операциялардың салдарларын жою бойынша міндеттемелерді орындауға арналған ақша;
1.16. **МИБ** – көппәтерлі тұрғын үйдің мүлік иелерінің бірлестігі – Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет ететін, кондоминиум объектісін басқаруды жүзеге асыратын, бір көппәтерлі тұрғын үйдің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері құрған, коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлға;
1.17. **Хаттама** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделген және шартты салымды ашу, шартты салым қаражатын пайдалану немесе қайтару үшін негіз болып табылатын шешімдерді қамтитын кондоминиум объектісінің пәтерлері, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің жалпы жиналысының хаттамасы;
1.18. **Жұмыс күні** – егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері банктік операцияларды жүзеге асыратын күн;
1.19. **Негіздемелік келісім** – кредиттік серіктестіктің шартты салымы орналастырылатын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Салымшы мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасында жасалған келісім;
1.20. **Санкциялар (ХЭС)** – Банк санкциялық тәуекелдерді басқару мақсатында сақтау міндетті деп есептейтін, БҰҰ, ЕО, АҚШ (соның ішінде OFAC), Ұлыбритания, сондай-ақ өзге мемлекеттік немесе халықаралық ұйымдар енгізетін немесе әкімшілендіретін кез келген халықаралық экономикалық, қаржылық, сауда санкциялары, шектеу шаралары, тыйымдар, эмбарго және өзге шектеулер;

1.21. **Жинақ шоты** – Салым бойынша операцияларды есепке алу үшін Банк Салымшыға ашатын банктік шот;
1.22. **Банк Тарифтері** – банктік қызметтер көрсетуге байланысты Салымшы тарапынан төленетін комиссиялар мен өзге төлемдердің Банк бекіткен мөлшерлері;
1.23. **БК** – Қазақстан Республикасының талаптарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын басқарушы компания;
1.24. **Шартты салым** – ақшаны қайтару Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Офертада және шартты салымның тиісті түрінің талаптарында көзделген мән-жайлар туындаған кезде жүзеге асырылатын банктік салым;
1.25. **Салымды қайтару талабы** – туындауы шартты салым сомасын толық немесе ішінара қайтаруға негіз болып табылатын мән-жай;
1.26. **Жөндеу қызметтері** – МИБ шартты салымының қаражаты есебінен төленетін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізу жұмыстары мен қызметтер.

2. ШАРТТЫ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

2.1. Шарт жасау үшін Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген және (немесе) Салымшыны сәйкестендіру, тиісті түрде тексеру және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау мақсатында Банк сұрататын құжаттар мен мәліметтерді Банкке ұсынады.
2.2. Шартты салымның жеке талаптары, соның ішінде шартты салымның түрі, сомасы, валютасы, орналастыру мерзімі, сыйақы мөлшері, Салым сомасын қайтару талаптары, Салым бойынша операцияларды жүзеге асыруға қажетті құжаттар тізбесі, сондай-ақ өзге шарттар Қосылу туралы өтінішпен айқындалады.
2.3. Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы Шарт жасалған кезде электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану Салымшының өз қолымен қойған қолының баламасы ретінде танылады.
2.4. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы төмендегілерді растайды:

- осы Шарттың, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың талаптарымен танысқанын;
- осы Шарттың, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың мазмұнын және Шартты жасаудың құқықтық салдарын түсінетінін;
- осы Шарттың, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың талаптарын ешқандай алып қоюлар мен ескертулерсіз толық көлемде қабылдайтынын;
- егер Банкте Салымшы қол қойған Қосылу туралы өтініш бар болса, Шартта оның қолының жоқтығына Шартты/ Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларды оқымағанының / түсінбегенінің/ қабылдамағанының дәлелі ретінде сілтеме жасауға құқығы жоқ екенін;
- Шартта және Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда көзделген жинақ шотын ашу, жүргізу және жабудың барлық шарттарымен келісетінін;
- Шарт пен Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың барлық ережелері Салымшының мүдделеріне және ерік білдіруіне толық көлемде сәйкес келетінін;
- Шарт жасау және оның талаптарын орындау Салымшының құрылтай және өзге құжаттарын және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының және (немесе) Салымшыға қолданылатын заңнаманың кез келген ережесін бұзбайтынын және бұзуға әкеп соқтырмайтынын;
- Банкке ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығын растайды.

Егер Салымшы Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлға болып табылса, Салым орналастыру Қазақстан Республикасының банктер және банк қызметі туралы заңнамасының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.
2.5. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатындар:

- Қосылу туралы өтініш;
- Шартқа қолданылатын бөліктегі Банк тарифтері;

- осы Шартта немесе Қосылу туралы өтініште тікелей көрсетілген Банктің өзге құжаттары.

2.6. Шарт пен Қосылу туралы өтініш талаптары арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Шартты салымның жеке талаптары бөлігінде Қосылу туралы өтініштің талаптары басым күшке ие болады.

3. ШАРТТЫҢ МӘНІ

3.1. Шартқа сәйкес Банк Салымшыдан Салымға ақша қабылдайды, Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Салым сомасын қайтаруға және Сыйақы төлеуге міндеттенеді.

3.2. Салымның жеке талаптары, соның ішінде Салымның түрі, сомасы, валютасы, орналастыру мерзімі, Сыйақы мөлшері, Сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі, қосымша жарналар енгізу, ішінара алу талаптары, төмендетілмейтін қалдық мөлшері (бар болса), Салымның ең жоғары сомасы, мерзімін ұзарту талаптары (бар болса), сондай-ақ өзге талаптар Қосылу туралы өтінішпен айқындалады.

3.3. Шартты салымдардың жекелеген түрлерінің ерекшеліктері, Салымды пайдалану негіздері, Салымды қайтару талаптары және Салым бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттар тізбесі және Салымның тиісті түрінің өзге ерекшеліктері шартты салымның тиісті түрімен айқындалады және Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

3.4. Банк Салымшыға Салым бойынша операцияларды есепке алу үшін Салымшыға «Салымның жеке талаптары» бөлімінде Қосылу туралы өтініште көрсетілетін Жинақ шотын ашады.

3.5. Салымды келесі жолмен орналастырылады:

- Салымшының Жинақ шотқа ақша енгізуі;
- басқа банкте немесе өзге қаржы ұйымында ашылған банктік шоттан ақша аудару;
- Қосылу туралы өтініште қамтылған Салымшының тапсырмасы мен келісімі негізінде Банк Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотынан ақшаны алуы.

3.6. Қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы Салымшы Банкке ақшаны Салымға орналастыру үшін Қосылу туралы өтініште көрсетілген Салым сомасы мөлшерінде, жеке төлем құжатын ресімдемей, Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотынан ақшаны алуына келісімі мен тапсырмасын береді.

3.7. Салым ақша Жинақ шотқа түскен күннен бастап орналастырылды деп есептеледі

4. ШАРТТЫ САЛЫМ ТҮРЛЕРІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

4.1. Шартты салымдардың жекелеген түрлеріне қатысты салымдарды ашу, қызмет көрсету, қайтару және шарттардың қолданылуын тоқтату ерекшеліктері осы бөліммен, сондай-ақ тиісті Қосылу туралы өтініштің талаптарымен айқындалады.

4.2. **«Кредиттік серіктестіктерге арналған шартты салым»**

4.2.1. Салымшы Кредиттік серіктестіктерге арналған шартты салымды Салымшы мен «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арасында жасалған Бас келісім бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы алдындағы міндеттемелерді қамтамасыз ету мақсатында орналастырады.

4.2.2. Қосылу туралы өтініште міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін Салым орналастырылатын негіздемелік келісімнің деректемелері көрсетіледі.

4.2.3. Салым сомасын толық немесе ішінара қайтару Негіздемелік келісімде көзделген талаптар туындаған кезде, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы Негіздемелік келісімге сәйкес ұсынған құжаттар негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

4.2.4. Салым сомасын толық немесе ішінара қайтару, сондай-ақ Салымға орналастырылған ақшаға иелік ету, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге тәртіп көзделмесе, «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының жазбаша келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

4.2.5. Салымның қолданылу мерзімі Салымшының Негіздемелік келісім бойынша міндеттемелерін орындауымен байланысты.

4.2.6. Банк Шарт жасалған сәттен бастап жылына бір рет біржақты тәртіппен Салым бойынша Сыйақы мөлшерлемесін қайта қарауға құқылы.
4.2.7. Сыйақы мөлшерлемесінің алдағы уақытта өзгеретіні туралы Банк Салымшыға Шарттың 6.1.7-тармағында көзделген тәсілдермен Клиентке хабарлама жіберу арқылы сыйақының жаңа мөлшерлемесі қолданысқа енгізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлайды.
4.2.8. Егер көрсетілген мерзім өткенге дейін Банк Салымшыдан Сыйақы мөлшерлемесі мөлшерінің өзгеруімен келіспейтіні туралы хабарлама алмаса, Клиент сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруін қабылдады деп есептеледі және 11-ші (он бірінші) күнтізбелік күні қолданысқа енгізіледі.
4.2.9. Салымшы хабарламада көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда, Шарт Банк осындай хабарламаны алған күннен бастап бұзылды деп есептеледі.
4.3. **«Жер қойнауын пайдаланушыларға арналған» шартты салым**
4.3.1. «Жер қойнауын пайдаланушыларға арналған» шартты салым жер қойнауын пайдаланушы тарапынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою қорын қалыптастыру және жер қойнауын пайдалану операцияларының салдарын жою бойынша іс-шараларды орындауды қаржылық қамтамасыз ету үшін Келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында орналастырылады.
4.3.2. Салым сомасын толық немесе ішінара қайтару талабы Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасына сәйкес жою қорының қаражатын пайдалануға негіздердің бар екенін растайтын жер қойнауын пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның құжаттарын ұсыну болып табылады.
4.3.3. Құзыретті мемлекеттік органның құжаттары Салымшыға қайтарылуға тиіс Салым сомасының немесе оның бір бөлігінің мөлшерін көздеуі мүмкін.
4.3.4. Салымшы Банкке Келісімшарттың қолданыс мерзімін ұзарту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хабарлауға, сондай-ақ осындай өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
4.3.5. Келісімшарттың қолданылу мерзімдерінің өзгеруі шартты банктік салым шартының қолданылуын тоқтатуға әкеп соқпайды. Банк Салымшы ұсынған құжаттар негізінде Салым бойынша мәліметтерді өзектендіреді.
4.3.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген уәкілетті мемлекеттік органдардың құжаттары негізінде ақша Салымнан ішінара алынған жағдайда, Салымшы осындай алу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Салым сомасын толықтыруға міндетті.
4.3.7. Егер Салымшы осы Шарттың 4.3.6-тармағында көзделген мерзімде Салым сомасын толықтырмаса, Банк талап етіп алынатын салым бойынша Банк қолданатын мөлшерлеме бойынша бұрын есептелген сыйақыға қайта есептеу жүргізуге, сондай-ақ артық төленген сыйақы сомасын салым сомасынан ұстап қалуға және талап етіп алынатын салым мөлшерлемесі бойынша ақша қалдығына сыйақы есептеуді жалғастыруға құқылы.
4.3.8. Жою қоры сомасының жеткіліктілігі, оны мерзімінен кешіктірмей қалыптастырудың және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының талаптарын сақтау үшін жауапкершілікті Салымшы көтереді.
4.3.9. «Жер қойнауын пайдаланушылар үшін» шарттық салым бойынша теңгедегі сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі Банкпен Ұлттық Банктің жаңа базалық мөлшерлемесі күшіне енген күннен кейінгі келесі жұмыс күні өзгертілетін болады. Сыйақының құбылмалы мөлшерлемесі келесі формула бойынша есептеледі:

ҚМ = базалық көрсеткіш - пайыздық спрэд,

бұл жерде:
Базалық көрсеткіш * - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі;
пайыздық спрэд (белгіленген) - 8,25.
Құбылмалы мөлшерлеменің мәні осы Шарттың әрекет ету кезеңі ішінде теріс мәнді құрайтын болса, онда оның мәні нөлге тең деп қабылданады.

4.4. **Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражатты жинақтауға арналған шартты салым**

4.4.1. Шартты салым кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған ақшаны жинақтау мақсатында орналастырылады.

4.4.2. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған қаражатты жинақтау мақсатында ашылатын шартты салым үшін Салымға ақша Шарт жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде енгізілуі мүмкін.

4.4.3. Салымға орналастырылған ақша тек кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу бойынша қызметтерді және/немесе жұмыстарды төлеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда пайдаланылуы мүмкін.

4.4.4. Салым қаражатын пайдалану туралы шешімді қамтитын Хаттама, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге құжаттар Салым қаражатын толық немесе ішінара пайдалануға негіздеме болып табылады.

4.4.5. Салым сомасын толық немесе ішінара қайтару Салым қаражатын пайдалануды көздейтін Хаттама негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда жүзеге асырылады.

4.4.6. Пайдаланылуға (қайтарылуға) тиіс Салым сомасының немесе оның бір бөлігінің мөлшері Хаттамаға және Салымшы ұсынған құжаттарға сәйкес айқындалады.

4.4.7. Банк осы Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, Салым бойынша операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы.

4.4.8. Банк осы Шартта көзделген құжаттарды тексеруді қоспағанда, күрделі жөндеу жұмыстарының нақты орындалуын және Салымның мақсатты пайдаланылуын тексермейді.

4.5. Шартты салымның тиісті түрі бойынша операцияларды жүргізуге қажетті құжаттардың тізбесі Қосылу туралы өтініште көрсетіледі.

4.6. Егер шартты салымның тиісті түрінің талаптары Салым сомасын қайтаруға қосымша талаптарды көздесе, Салымшы мен Банк осындай талаптарды міндетті түрде сақтауға тиіс.

4.7. Жинақ шотында шартты салымның тиісті түрі үшін Қосылу туралы өтініште белгіленген төмендетілмейтін қалдықтан төмен ақша қалдығы түзілген жағдайда, Шарт мерзімінен бұрын бұзылды деп есептеледі.

4.8. Жинақ шотына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, соның ішінде төлем талаптары мен инкассолық өкімдерді қоса алғанда, ақшаны алып қою көзделген төлем құжаттары қойылған жағдайда, Банк осындай құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орындайды.

4.9. Осы Шарттың 4.8-тармағында көзделген жағдайларда, Салымның тиісті түрінің талаптарында өзгеше көзделмесе, Банк бұрын есептелген Сыйақыға қайта есептеу жүргізбеуге және/немесе осындай құжаттарды орындау нәтижесінде Жинақ шотынан алынып қойылған ақша сомаларына Сыйақы есептемеуге құқылы.

5. САЛЫМ БОЙЫНША СЫЙАҚЫ

5.1. Салымға орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін Банк Салымшыға Сыйақы төлейді.

5.2. Салым бойынша Сыйақы мөлшерін Банк айқындайды және Қосылу туралы өтініште көрсетеді.

5.3. Сыйақыны есептеу тәртібі, есеп айырысу базасы, есептеу кезеңі, Сыйақыны төлеу тәртібі мен мерзімділігі және Сыйақыны төлеудің өзге талаптары Қосылу туралы өтініште көрсетілген тиісті Салымның талаптарымен айқындалады.

5.4. Сыйақыны есептеу Қосылу туралы өтініште көрсетілген мөлшерлеме бойынша Салымға орналастырылған ақша сомасына жүзеге асырылады. Егер тиісті Салымның талаптарында өзгеше көзделмесе, Сыйақы Салымға ақша енгізілген күннен кейінгі күннен бастап Салым қайтарылған күнді қоса алғанда есептеледі. Бұл ретте Салымға ақша түскен күн мен Салым қайтарылған күн бір күн болып есептеледі.

5.5. Қосымша жарна сомасына Сыйақы, егер тиісті Салым түрінің талаптарында өзгеше көзделмесе, осындай жарна енгізілген күннен кейінгі күннен бастап есептеледі.
5.6. Сыйақыны есептеу кезінде Қосылу туралы өтініште көрсетілген есептік база қолданылады.
5.7. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша Жинақ шоты бойынша шығыс операциялары тоқтатыла тұрған және/немесе Жинақ шотына орналастырылған ақшаға тыйым салынған/шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім қойылған жағдайда, Салым бойынша Сыйақы Жинақ шотына орналастырылған Салымның барлық сомасына есептеледі және төленеді.
5.8. Банк салық агенті болып табылады және Салымшыға Сыйақы төленген жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджетке әрі қарай аудару мақсатында Сыйақы сомасынан төлем көзінен табыс салығының сомасын ұстап қалуды жүзеге асырады.
5.9. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк ұстап қалған салық сомалары, Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта есептеуге және қайтаруға жатпайды.

6. БАНКТІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. **Банк құқылы:**
6.1.1. Салымшыдан Шартты жасауға, орындауға және тоқтатуға қажетті кез келген құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ және ХЭС туралы Заңның талаптарын, Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарын орындауға қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға, және ұсынылған құжаттарды қарау кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда операцияларды жүргізуді шектеуге;
6.1.2. Салымшы ұсынған құжаттар мен мәліметтерді тексеруге және ұсынылған құжаттар жеткіліксіз болса, шартты салымды қайтару талабын растайтын қосымша құжаттарды сұратуға;
6.1.3. Салымшы туралы мәліметтерді өзектендіру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты талап етуге;
6.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта және Банктің ішкі құжаттарында, Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің талаптарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банкте жүргізілген операциялардың заңдылығына қатысты күдіктер туындаған жағдайларда Салым ашудан, Салым бойынша операциялар жүргізуден бас тартуға немесе Шартты бұзуға;
6.1.5. Осы Шарттың 9-бөлімінде көзделген тәртіппен осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге;
6.1.6. Салымшының қосымша келісімін алусыз Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта және Банк пен Салымшы арасындағы өзге келісімдерде көзделген жағдайларда және тәртіппен, Салымшының Жинақ шотынан және Банкте ашылған өзге банктік шоттарынан ақшаны алып қоюға, соның ішінде келесі мақсаттарда:

- Салымшы Банкке төлеуге тиіс комиссиялар мен өзге төлемдерді ұстап қалу;
- Салымшының шотына қате есептелген ақшаны қайтару;
- Артық есептелген және/немесе төленген Сыйақыны қайтару;
- Банк алдындағы берешекті өтеу.

6.1.7. Салымшыға Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы ресми сайты, Банктің мобильді қолданбасы, SMS-хабарламалар, электрондық пошта, push-хабарламалар және Банктің өзге Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы хабарламалар, ескертулер және өзге ақпаратты жіберуге;
6.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ туралы Заңда көзделген жағдайларда Салым бойынша операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға, операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе Жинақ шоты бойынша шектеулерді орындауға;

6.1.9. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, даулы жағдайларды реттеу және операциялардың жасалғанын растау мақсатында Банк үй-жайларында, сондай-ақ қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы қызметтер көрсету кезінде фото-, аудио- және бейнетіркеу жүйелерін пайдалануға;
6.1.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банкте Салымшының қызметі немесе жүргізген операциялары кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға, алаяқтыққа, санкциялық шектеулерді бұзуға немесе өзге заңға қайшы қызметке байланысты деп есептеуге негіздер болған кезде, Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға және/немесе Салымшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
6.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Шартты жасау, орындау, өзгерту және тоқтату кезінде, сондай-ақ қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы өзге әрекеттерді жасау кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны, бір реттік кодты, аутентификация құралдарын, биометриялық сәйкестендіруді және Салымшының еркін растаудың өзге тәсілдерін Салымшының өз қолымен қойған қолтаңбасына теңестіруге (баламасы деп тануға);
6.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Шартта және Банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

6.2. **Банк міндетті:**

6.2.1. Шартта көзделген тәртіппен Салымшыға Жинақ шотын ашуға;
6.2.2. Шарттың талаптарына сәйкес Салымға ақша қабылдауға;
6.2.3. Салымға орналастырылған ақшаның есебін жүргізуге;
6.2.4. Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Сыйақыны есептеуге және төлеуге;
6.2.5. Шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде Салым сомасы мен есептелген Сыйақыны қайтаруға;
6.2.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Салым бойынша Сыйақы сомасынан салықтар мен өзге міндетті төлемдерді ұстап қалуға;
6.2.7. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Салымшыға Үзінді көшірмелерді және Салым бойынша өзге ақпаратты ұсынуға;
6.2.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен банк құпиясының сақталуын қамтамасыз етуге;
6.2.9. Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде осы Шарттың және Банк Тарифтерінің өзгертілгені туралы ақпаратты Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында орналастыруға;
6.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге міндеттерді орындауға.

7. САЛЫМШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. **Салымшы құқылы:**

7.1.1. Шартта көзделген талаптарда Салымға ақша орналастыруға;
7.1.2. Салым туралы ақпаратты, соның ішінде Салым сомасы, есептелген Сыйақы және Салым бойынша операциялар туралы ақпарат алуға;
7.1.3. Шартта көзделген тәртіппен және талаптарда Сыйақы алуға;
7.1.4. тиісті Салымның талаптарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Салымды толықтыруға, Салымнан ақшаны ішінара алуға, сондай-ақ Салымды қайтаруды талап етуге;
7.1.5. тиісті жағдай туындаған кезде немесе Шартта көзделген өзге жағдайларда Салым сомасы мен есептелген Сыйақының қайтарылуын талап етуге;
7.1.6. шартты салымды қайтаруға қажетті құжаттар тізбесі туралы ақпарат алуға;
7.1.7. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен салымдарды кепілдендіру талаптары туралы ақпарат алуға;
7.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.

7.2. **Салымшы міндетті:**

7.2.1. Шарттың және Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында орналастырылған Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалардың талаптарын сақтауға;

7.2.2. Банкке Шартты жасауға және орындауға қажетті нақты, дұрыс құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.2.3. Банктің талабы бойынша Салымшы туралы деректерді өзектендіруге қажетті құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ Банк Қазақстан Республикасының заңнамасының, соның ішінде ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ туралы Заңның талаптарын, Банктің ішкі құжаттарын, сондай-ақ Банктің қызметіне әсер ететін шет мемлекеттердің талаптарын орындау үшін қажет деп санайтын құжаттарды ұсынуға;

7.2.4. тиісті өзгерістер туындаған күннен бастап шұғыл, бірақ кез келген жағдайда 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке хабарлауға және бұрын ұсынылған мәліметтердің өзгергенін растайтын құжаттарды, соның ішінде атауы, орналасқан жері, басшысы, өкілдері, қол қою құқығы бар тұлғалар, бенефициарлық меншік иелері, байланыс деректері туралы мәліметтерді, сондай-ақ Шарттың орындалуына және Салым бойынша операциялардың жүргізілуіне әсер етуі мүмкін өзге мән-жайлар туралы мәліметтерді Банкке ұсынуға;

7.2.5. егер Салымды орналастыру Банк тарапынан Салымшының келісімі мен тапсырмасы негізінде ақшаны алып қою арқылы жүзеге асырылатын болса, Банкте ашылған ағымдағы шотта ақшаның болуын қамтамасыз етуге;

7.2.6. Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Банк қызметтері үшін ақы төлеуге;

7.2.7. Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында орналастырылатын осы Офертаның, Банк Тарифтерінің және Банктің өзге құжаттарының өзгертілгені туралы ақпаратты дербес қадағалап отыруға;

7.2.8. Банктің талабы бойынша Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауына қажетті құжаттар мен мәліметтерді, соның ішінде сәйкестендіру, Салымшыны тиісінше тексеру, бенефициарлық меншік иелерін анықтау, салықтық резиденттікті, ақшаның шығу көзін және іскерлік қатынастардың сипатын белгілеу мақсатында ұсынуға;

7.2.9. Салым сомасын және/немесе Сыйақыны басқа банкте немесе өзге қаржы ұйымында ашылған банктік шотқа аударған жағдайда, Банктің қолданыстағы Тарифтеріне сәйкес Банк комиссияларын төлеуге. Банк тиісті комиссия сомасын Салымшыға төленуге тиіс Салым сомасынан және/немесе сыйақыдан ұстап қалуға құқылы;

7.2.10. Салымшы квазимемлекеттік сектор субъектісі болып табылса, Салымға ақша орналастыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасы талап ететін барлық қажетті келісулердің, шешімдердің және өзге құжаттардың алынуын өз бетінше қамтамасыз етуге, сондай-ақ осындай ақшаны орналастыруға және алынған Сыйақыға иелік етуге байланысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау бойынша жауапкершілікті алуға;

7.2.11. Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ туралы Заңның талаптарын, сондай-ақ ХЭС талаптарын сақтауға;

7.2.12. Шартты орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Банктің ішкі құжаттарына байланысты Банктің заңды талаптарын уақтылы орындауға;

7.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта көзделген өзге міндеттерді орындауға.

8. ҚЖ/ТҚҚ/ЖҚЖҚТҚ, САНКЦИЯЛЫҚ КОМПЛАЕНС ЖӘНЕ АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

8.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ішкі құжаттарына және Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің талаптарына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

8.2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда, сондай-ақ Банкте Салымшының, оның өкілдерінің, бенефициарлық меншік иелерінің қызметі немесе ол жүргізетін операциялар кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға, алаяқтыққа, халықаралық экономикалық санкцияларды айналып өтуге немесе өзге заңға қайшы қызметке байланысты болуы мүмкін деп есептеуге негіздер болған кезде, Салымшымен іскерлік қатынастарды орнатудан немесе жалғастырудан бас тартуға, салым бойынша операцияларды жүргізуден бас тартуға, банктік қызметтер көрсетуді шектеуге немесе Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.
8.3. Банк Салымшыға, оның өкілдеріне, бенефициарлық меншік иелеріне немесе онымен байланысты тұлғаларға қатысты ХЭС қолданылған немесе осындай санкцияларды бұзу қаупі болған, сондай-ақ Банктің шет мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың санкциялық заңнамасының, FATF ұсынымдарының немесе Банктің корреспондент банктерінің талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарын бұзу қаупі туындаған жағдайда, операцияларды жүргізуден бас тартуға немесе Салымшымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға және Шартты біржақты соттан тыс тәртіппен бұзуға құқылы.
8.4. Банк Салымшының ақшасына тыйым салынған, уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан шығыс операцияларын тоқтата тұрған жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге жағдайларда операцияларды жүргізуді уақытша тоқтатуға және (немесе) оларды жүргізуден бас тартуға құқылы.
8.5. Банк күмәнді, әдеттен тыс және алаяқтық операцияларға мониторинг жүргізу, талдау және анықтау бойынша автоматтандырылған жүйелерді пайдалануға құқылы.
8.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Шартта көзделген жағдайларда операцияны жүргізуден бас тарту, операцияны тоқтата тұру, банктік қызметтер көрсетуді шектеу немесе іскерлік қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған Салымшының залалдары үшін жауапкершілік алмайды.

9. ШАРТТЫ, ОПЕРАЦИЯЛАР ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАРДЫ ЖӘНЕ БАНК ТАРИФТЕРІН ӨЗГЕРТУ

9.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен осы Шартқа, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларға және Банк Тарифтеріне біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы.
Осы Шартқа, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларға және Банк Тарифтеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпарат Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында тиісті ақпаратты орналастыру және/немесе Банк айқындайтын өзге тәсілдер арқылы Салымшының назарына жеткізіледі.
9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларда өзге тәртіп көзделмесе, осы Шартқа, Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидаларға және Банк Тарифтеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Банк тиісті хабарламада көрсеткен күннен бастап күшіне енеді.
9.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, осы Шартқа енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар, осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.
9.4. Нақты бір Салымның талаптарын өзгерту Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті Салымның талаптарында көзделген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

10. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк пен Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапкершілік алады.

10.2. Банк, егер міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау төмендегілердің салдарынан болса, Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік алмайды:

- Салымшының дұрыс емес, толық емес немесе уақтылы жаңартылмаған құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы;
- мемлекеттік органдардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі;
- Салымшының ақшасына тыйым салу, шығыс операцияларын тоқтата тұру немесе уәкілетті органдар белгілеген өзге шектеулер;
- Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің талаптарын, сондай-ақ Банктің ішкі құжаттарын орындауы.

10.3. Салымшы Банкке ұсынылған құжаттар мен мәліметтердің дұрыстығы, толықтығы және өзектілігі үшін жауапкершілік алады.

10.4. Салымшы Банкке бұрын ұсынылған мәліметтердің өзгергені туралы Банкке уақтылы хабарламауы салдарынан туындаған қолайсыз жағдайлардың тәуекелін өзіне қабылдайды.

10.5. Егер осындай бас тарту Салымшының Салымды қайтару талаптарының немесе тиісті операцияны жүргізу құқығының басталғанын растайтын құжаттарды ұсынбауына, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының, Шарттың немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты болса, Банк Салымды, Салым бөлігін қайтарудан, сыйақы төлеуден бас тартқаны немесе Салым бойынша операцияны жүргізуден бас тартқаны үшін жауапкершілік алмайды.

10.6. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Шартта, Банктің ішкі құжаттарында немесе Банктің қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттердің талаптарында көзделген жағдайларда операцияны жүргізуден бас тарту, операцияны тоқтата тұру, банктік қызметтер көрсетуді шектеу немесе іскерлік қатынастарды тоқтату салдарынан туындаған Салымшының залалдары үшін жауапкершілік алмайды.

10.7. Банк Салымшы немесе үшінші тұлғалар Салымды ашу, Салым бойынша операцияларды жасау, Салымды қайтару талаптарының басталғанын растау немесе Шарт талаптарын орындау мақсатында ұсынған құжаттардың дұрыстығы, мазмұны, толықтығы, түпнұсқалығы және заңды күші үшін жауапкершілік алмайды.

10.8. Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған Тарап басқа Тарапқа осындай орындамау салдарынан келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен өтеуге міндетті.

10.9. Егер міндеттемелерді орындамау еңсерілмейтін күш жағдайларының (форс-мажор), соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, табиғи апаттардың, әскери іс-қимылдардың, мемлекеттік органдар актілерінің, төлем жүйелері жұмысындағы іркілістердің және Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс болатын өзге мән-жайлардың салдарынан болса, Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

11. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ

11.1. Осы арқылы Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың қолданылатын нормаларын (бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалар) сақтайтынына және сақтауға міндеттенетініне сендіреді және кепілдік береді.

11.2. Осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларға қайшы келетін қандай да бір іс-әрекеттер жасамайды (әрекетсіздіктен бас тартады) және өздерінің еншілес, тәуелді және үлестес ұйымдарының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормаларды сақтауын қамтамасыз ету үшін заңнамада жол берілетін барлық қажетті күш-жігерін салады, соның ішінде қандай да бір коммерциялық артықшылықтар алу мақсатында немесе өзге құқыққа қайшы мақсатта қандай да бір тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін олардың пайдасына немесе олардан кез келген нысандағы параны (соның ішінде ақша (кез келген валютадағы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда), өзге құндылықтар, мүлік, мүліктік құқықтар немесе өзге материалдық және/немесе материалдық емес пайда нысанында) тікелей

немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы ұсынудан, уәде етуден, беруден, бопсалаудан, сұраудан, алуға келісуден және алудан бас тартады.

11.3. Тараптардың бірінде екінші Тарап осы Келісімнің қандай да бір ережелерін бұзды немесе бұзуы мүмкін деген негізді күдіктер туындаған жағдайда, осындай Тарап екінші Тарапқа бұзушылық фактісін теріске шығаратын немесе растайтын түсініктемелер мен ақпаратты (құжаттарды) ұсыну талабымен сұрау салуға құқылы.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

12.1. Банк пен Салымшы арасында Шартты жасауға, орындауға, өзгертуге, тоқтатуға немесе жарамсыз деп тануға байланысты туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

12.2. Дауды келіссөздер арқылы реттеу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының процестік заңнамасымен айқындалатын орында және тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

12.3. Шарт бойынша қолданылатын құқық Қазақстан Республикасының құқығы болып табылады.

13. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

13.1. Банк пен Салымшы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.2. Шарттың жекелеген ережелерінің жарамсыздығы немесе оларды орындаудың мүмкін еместігі Шарттың қалған ережелерінің жарамсыздығына әкеп соқпайды.

13.3. Банк пен Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайлар мен тәртіпте Банктің Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы берілген құжаттардың, хабарламалардың, хабарлардың және өзге мәліметтердің заңды күшін мойындайды.

13.4. Банктің Қашықтықтан қызмет көрсету арналары арқылы қалыптастырылған, берілген құжаттар, өтініштер, хабарламалар және өзге мәліметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайлар мен тәртіпте қағаз жеткізгіштегі құжаттарға тең заңды күшке ие болады.

13.5. Шартта өзге талап көзделмеген болса, Банктің хабарламалары мен хабарлары Шартта көзделген тәсілмен жіберілген сәттен бастап Салымшының назарына жеткізілді деп есептеледі.

13.6. Жеке кәсіпкер болып табылатын Салымшы Салымға орналастырған ақша Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдарға (депозиттерге) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) туралы» ҚР Заңына сәйкес салымдарға (депозиттерге) міндетті кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады. Салымшы Банктің www.bankffin.kz мекенжайындағы интернет-ресурсында орналастырылған салымдар бойынша кепілдік берілген өтемақы шарттарымен, сондай-ақ жеке тұлғалардың салымдарына міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіне Қатысушы-банктің куәлігімен танысқанын растайды. Кепілдік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру субъектілеріне жатпайтын Салымшыларға қолданылмайды.

13.7. Салымшы өз деректемелерінің, байланыс деректерінің және өзге мәліметтердің өзгергені туралы Банкке уақтылы хабарламауы салдарынан Банктің хабарламалары мен хабарларын алмағанына байланысты қолайсыз жағдайлар тәуекелін өзіне қабылдайды.

13.8. Оферта Салымшы оны акцептеген күннен бастап күшіне енеді және ол кері қайтарылғанға дейін немесе Банк жаңа редакциясын қабылдағанға дейін қолданылады.

13.9. Осы Шарттың жалпы ережелері мен «Шартты салымдар түрлерінің ерекшеліктері» бөлімі арасында қайшылықтар болған жағдайда, көрсетілген бөлімнің ережелері қолданылады.